

## ГОРАЦИЙДІҢ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ ЖАЙЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ

Қобланов Ж.Т.

*В статье «Некоторые теоретические взгляды Гораций о литературе» автор анализирует теоретические наследия выдающегося древнеримского поэта Квинта Гораций. Раскрывает сущность той эпохи и показывает влияние некоторых теоретических идей на развитие литературы.*

*This article is about theoretical thoughts of Goratios literature and the analigses of the theoretical heir.*

Б.з.б. 31-жылы Грекияның батыс-оңтүстік жағалауындағы Анцизм шайқасында Октавиан қосындарының Антоний әскерін ойсырата жеңуі нәтижесінде ескі республикалық билік күйреп, Рим тарихының жаңа дәуірі – жеке билеуге негізделген императорлық билік орнайды. Октавиан жариялаған жаңа басқару әдісі - Рим құлиеленушілерін әскери диктатура негізінде біріктіріп, сол кездегі қоғамдық құрылысты сақтап қалу талаптарынан келіп шыққан ең соңғы ақтық әрекет болды.

Бұл диктатураның найзасы тек құлдар көтерілісіне, демократиялық топтардың наразылықтарына ғана емес, сондай-ақ даңқ пен мансап жолында ішкі қақтығыстарды туғызып отырған кейбір ақсүйектерге де қарсы бағытталған еді. Төменгі топтардың көмегімен, бейне сол бір топтың мүдделерін қорғайтын жанашыр ретінде күрес бастаған Октавиан да, өзінен алдын өткен Сулла, Помпей, Цезарь және тағы басқалар сияқты билікке қол жеткізген соң, берген уәделерін ұмытып, құлиеленушілер мен сенат ақсүйектері жағына ауып кетеді. Бірақ ол Рим қоғамындағы түрлі әлеуметтік топтарды шошындырып алмау үшін бейтарап саясатты қолдайды, жылдам диктаторлық жолға көшіп, барша басқару істерін өз қолына алмайды, республикалық басқару жүйесін өзгертпестен, ескі билік тәсілдерін сол қалпында қалдырады. Өзін тек принципс, яғни «бірінші азамат» деп атаумен ғана қанағаттанады.

Октавиан жариялаған мұндай шаралар сақтық тұрғысынан жасалынып жатқан қимылдар еді. Шындығында, сақталып қалған республикалық билік қай салада да жеке әміршінің тілегі мен мүдделеріне қарай іс жүргізеді, сенат оған үлкен құрмет көрсетеді, жаңадан-жаңа мансап пен лауазымдар ұсынады. Осылайша, Октавианның туған күні, әскери жеңістерінің тарихы бүкіл мемлекет бойлап тойланатын үлкен мерекелерге айналады, сенат ғимаратының қабырғаларына оның ерліктерін баяндайтын үзінділер алтын әріптермен жазылады, оған консул, «император», «халық шешені» атақтары беріледі. Италияның түрлі қалаларында және уәлаяттарында оған арнап биік ескерткіштер орнатылады, сенаттың шешімімен Октавианға осы кезге дейін тарихта әлі болмаған «Август», яғни «қасиетті» деген ат беріледі. Ішкі соғыстарды тыйып, мемлекетте бейбітшілік орнатқан басшы, халықтың тұрмысын жақсартқан қамқоршы ретінде Рим қоғамының ақсүйектері Октавианды көкке көтереді.

Ресми түрде республикалық билікті жариялаған Август, ескі әдет-ғұрыптарды, діни нанымдарды, адамгершілік нормаларды қайта жандандыруға

әрекет қылады, тіпті Рим азаматының жеке өміріне де араласып, отбасының салауатты, ерлі-зайыптылардың бір-біріне адал болуына көп көңіл бөледі. Октавиан Август өзінің салтанатын ескі республикалық заңдарға, ата-баба дәстүрлеріне қайта оралудың нағыз өзі екендігін дәлелдеуге қанша ұрынғанымен, Рим қоғамының көп бөлігі бұл саясаттың басынан аяғына дейін республикалықтан гөрі, Цезарьдің жеке билеу саясатына көбірек ұқсайтындығын жақсы түсінетін еді. Бірақ жүз жылға созылған ішкі ұрыстардан шаршаған Рим халқы, әсіресе шаруалар, мемлекетте орнатылған тыныштық себебінен, Августтың диктаторлық саясатына көндігіп кетеді. Тіпті оның ғасырын «алтын ғасыр» деп атайды.

Заманының едәуір білімді адамы және мәдени істерге бір табан жақын тұрған Август, әдебиеттің үлкен тәрбиелік мәні бар екендігін жақсы түсінеді және билікті қолға алған күннен бастап, өзінің басқару әдістерін халыққа мақұлдату мақсатында, сол мүмкіндіктерді кең пайдалануға кіріседі. Өміршінің кейбір жақын әкімдері де сол дәуірдің ірі қаламгерлерін өздеріне жақын тартып, олардың туындыларын жаңа заңдарды қолдауға бағыттайды. Мәдениет пен әдебиет істерін ұйымдастыруда еңбегі сіңген және сол жолда Августке өте көп қызмет көрсеткен жандар арасында ең атақтылары - Корвин Массала, Асиний Поллион және Гай Цильний Меценат. Бұлардың ішінде императордың ең жақын кеңесшісі және әдеби жәрдемшісі, әрине Меценат болды. Аты, кейіншелік «мәдениет пен әдебиет қамқоршысы» деген түсінікке айналған бұл қайраткердің өзі де өлең жазып, әдеби әрекеттерге тығыз араласады. Міне, осы кезеңдерде өмір сүрген ең ірі қаламгерлердің бірі Гораций болды.

Вергилийдің замандасы, әрі досы, Август билігі дәуіріндегі ұлы ақын Квинт Гораций Флакк б.з.б.65-жылы Италияның оңтүстігіндегі Винузия қалашығынды туды. Оның әкесі құлдықтан азат болып, кейін біраз қаражат жинап, өзінің сауатсыздығына қарамай, ілімнің пайдасын ерте түсініп, ұлының жақсы білім алуына ерекше көңіл бөледі. Сол себепті, Гораций алдын Римде, кейін Афинада дәулетті ақсүйектердің ұлдарымен бірге оқиды, бұрынғы өткен дәуірлердегі атақты ақындардың шығармаларын, данышпан философтардың ілімдерін зейінмен игереді және өмірінің соңғы күндеріне дейін грек әдебиеті, грек философиясы, әсіресе Эпикур ілімінің адал қолдаушысы болады. Өзінің айтуына қарағанда, ақын тіпті алғашқы өлеңдерін де грек тілінде жазған.

Юлий Цезарь өлтірілгеннен кейін, оның жеңдеттері Брут, Кассий және басқа республикашылар Римнен қашып, Афинаға келеді. Бұл жерде олар әскер жинап, Цезарьді қолдаушыларға қарсы соғысқа дайындалады. Италия жастарының көпшілігі республикалық құрылысқа іш тартқандықтан, Брут әскеріне қосылуы күмәнсіз болатын. Солармен бірге Гораций де әскери трибун ретінде республикашылар қатарында шайқасады. Б.з.б. 42-жылы Брут әскерлері жеңіліп, республикалық билік толық күйреген соң, күресті жалғастырудың енді пайдасы жоқтығын аңғарған Гораций, Брут жақтаушыларына жасалған кешірім нәтижесінде Италияға қайтып келеді. Бұл жерде оны келесі бақытсыздық күтіп тұр еді. Ақынның туып-өскен жұрты, басқа қалалар секілді Цезарь әскерлеріне сыйға тартылған, сондықтан Горацийдің әкесінен қалған кішкене жері де солардың қолына өткен болатын. Гораций әрең дегенде қарапайым бір мекемеге жай қызметкер болып жұмысқа кіреді және өзінің айтуынша, кедейліктен құтылу мақсатында өлең жаза бастайды.

Горацийдің алғашқы өлеңдері көпшілік оқырмандардың, сонымен бірге Вергилийдің де назарына ілігеді. Ұлы ақын әдебиетке енді ғана қадам басып келе жатқан жас қаламгердің ерекше талантын, оның жарқын болашағын байқап, Меценатпен таныстырады. Әдебиеттің атақты демеушісі жас ақынды өз үйірмесіне тартып, құрмет белгісі ретінде Сабин тауының баурайындағы жерін, үйін оған сыйлайды. Гораций мен Меценат орталарында басталған достық қатынас ақынды сарай ақсүйектеріне де жақындастырды. Августің шапағаты, Меценаттың қолдауы арқасында Гораций тез арада мұқтаждық қайғысынан құтылып, жақсы өмір сүре бастайды.

Жақында ғана республикашылармен бірге жаңа билікке қарсы шайқасқа түскен ақынның кешегі саяси идеяларының орнын бұдан былай Август салтанатына деген құрмет сезімдері иелейді. Августің ішкі және сыртқы соғыстарды жойғандығы, ескі діни, қаһармандық дәуірлерді қалпына келтіруге бағытталған саясаты, көпшілік замандастары секілді, Горацийге де ұнайтын еді. Бірақ мемлекет қайраткерлеріне тәуелді болу ақынды іштей қатты күйзелтетін. Осындай сәттерде Гораций сарай салтанатынан бой тартып, өзінің Сабиндегі үйіне кетіп қалатын. Кейбір деректерге қарағанда, Гораций тіпті Августің жеке хатшысы қызметінен де түрлі сылтаулармен бас тартқан. Өмірінің соңғы жылдарында ақын қыстақта жасап, б.з.б.8-жылы дүниеден өткен.

Гораций шығармалары бізге дейін толық жеткен. Олар мыналар: «Эподтар» деп аталатын 17 жырдан тұратын бір жинақ; «Сатиралар» деп аталатын 18 жырдан құралған бір жинақ; «Мадақ жырлар» деп аталатын 103 өлеңнен тұратын төрт жинақ; «Хаттар» деп аталатын 23 өлеңнен құралған екі жинақ; «Мейрам гимні» деп аталатын жеке бір жыр.

Гораций шығармашылығының ең соңғы жемісі – «Хаттар». Бұл жинақтың бірінші бөлімі 20 өлеңнен тұрады. Рим әдебиетінде Горацийге дейін де бірнеше қаламгер хат формасында көркем шығармалар жазған болатын. Мұндай туындылардың көпшілігі негізінен қара сөзбен жазылатын. Хаттарды алғаш рет өлең формасына түсіріп, оларға көркемдік мазмұн берген және дербес әдеби жанр дәрежесіне көтерген ақын - Гораций.

Хаттар гекзаметр өлшемінде жазылып, форма және мазмұн жағынан сатираларға көбірек ұқсап кетеді. Бірақ, олардың ортасында күрделі айырмашылықтар да бар. Біріншіден, сатиралардың тек екеуі ғана кейбір тұлғаларға арналып жазылған болса, хаттардың барлығы дерлік белгілі бір тұлғаларға аталып, нағыз хат формасында берілген. Ақын хат әдісінен әрдайым өзінің ойлары мен сезімдерін, толғаныстары мен көңіл-күйін бейнелеу мақсатында пайдаланады. Екіншіден, хаттардың мазмұны едәуір күрделі. «Сатиралардағы», «Эподтардағы» және «Мадақ жырлардағы» сияқты ақын жаңа шығармасында өзінің жүрегін өртеген әлеуметтік және тұрмыстық мәселелер, сондай-ақ, қыстақ өмірінің сұлулығы, жарамсыз қасиеттерден сақтану, рухани тазалыққа ұмтылу, тіршілікті тыныш өткізу және сол сияқты мәселелер туралы хикаялайды. Горацийдің жеке өмірі, ойы мен сезімдері, көңіл-күйі алдыңғы шығармаларының барлығынан гөрі, осы «Хаттар» жинағында айқын көрсетілген. Кәріліктің салдарынан болса керек, сын мен әжуа азайып, олардың орнын маңызды пікірлер, философиялық толғаныстар иелейді. Өмір толқынында шыныққан, оның ащы-тұщысын мол татқан

данышпан ретінде өзінің тәжірибелерін замандастарымен бөлісу, сол арқылы оларды дұрыс жолға бағыттау - ақынның негізгі мақсаты.

Әдебиет тарихы, оның теориялық мәселелері тұрғысынан қарағанда, «Хаттар» жинағындағы екінші бөлімнің маңызы ерекше. Бұл жинаққа тек үш хат ғана кірген. Солардың біріншісі Августке, екіншісі Флорға және үшіншісі Пизондарға арнап жазылған. Пизондарға арналған үшінші хаттың әдебиет теориясы тарихындағы құндылығына қарап, антикалық дүниенің өзінде-ақ оған «Поэзия ілімі» деген ат берілген. «Поэзия ілімі» мазмұн жағынан Аристотельдің «Поэтика» шығармасына өте ұқсас. Дегенмен, әдебиеттің теориялық және практикалық мәселелерін талдауға келгенде антикалық дүниенің екі ұлы данышпаны бір-бірінен ерекшеленеді. Аристотель өзінің «Поэтика» еңбегінде философиялық жақтан әдеби түсініктерге ғылыми және теориялық тұрғыда анықтама беруге ұмтылған. Гораций болса, күрделі теориялық мәселелерге тоқталып отырмастан, мәселеге тек тәжірибелік жағынан келіп, әдебиетке енді ғана қадам қойған ағайынды Пизондарға және сол арқылы барша жас қаламгерлерге көркем шығарманы қалай жазу керектігі жайлы біраз нақты кеңестер береді. Горацийдің пікірлері ақынның көп жылдық әдеби қызметінің нәтижесінде жинақталған тәжірибелерге және Август заманындағы әдебиеттің алдына қойған саяси талаптарына негізделген. «Гораций ақынның, жалпы суреткердің шығармашылық қиялына қарсы болмаған, «бірақ құсты жыланға, жолбарысты қойға қосып, қойыртпақтауға» қарсы. Оның суреткерлерді әсіресе қатты сақтандырғаны – «күр сырты жылтыраған жалған бояу»; қолдан ғаламат жасамақ боп, «дельфинді орманға апару, қорқауды теңізге әкелу». Гораций поэзияға құдіретті мазмұн беріп, шығармашылық қызметті жазушының бойындағы талант қуатымен байланыстырады. Ақындық өнер - өте қиын және күрделі өнер. Бойында «қасиетті құдіреті» жоқ жанның жазушылыққа ұмтылуынан түк те шықпайды. Бірақ, талант қанша өткір болғанымен, тек соның күшіне сену мүлдем дұрыс емес. Әрқандай қабілет, әрқандай талант тек еңбек арқылы ғана толысады. Шығарманың нұқсансыз болуы үшін тынымсыз жұмыс істеу керек. Еңбек барысында талантты үздіксіз ғылым-біліммен байытып отыруды ұмытпаған жөн. Өйткені, «шығарманың негізгі іргетасы және бірден-бір тірегі - ғылым»[1]. Ғылымды, даналықты игермеген жан басқаларға ақыл айта алмайды. Пікір анық болса, оны бейнелеу қиын емес, «керекті сөздердің өзі ағылып келе береді». Шығармашылық мәселелерге үлкен жауапкершілікпен қараған Гораций, шығармаға атүсті қарайтын, талантсыз жазушыларға қарсы аяусыз күреседі. Горацийдің айтуынша, «поэзия еріккеннің ермегі емес, ол - қоғамдағы адамдарды тәрбиелейтін құдіретті қару. Сондықтан, көркем шығарманың формасы мен мазмұны бір-біріне сай болуы тиіс. Қоғамға пайда келтіруді ойлаған жазушы ең алдымен өмірді айқын және шынайы суреттеуге, тіпті көркем поэтикалық бейнелеулердің де шындыққа жақын болуына ерекше көңіл бөлуі керек».

Гораций қаламгерлер алдына көркем әдебиеттің жалпы шарттарын және талаптарын қоюмен шектеліп қалмай, сол талаптарды қалай іске асырудың жолдарын да көрсетеді. «Әр бір ақын өзінің күшіне лайық, жүрегіне жақын келетін тақырыпты таңдағаны дұрыс; композицияның тұтастығы, мазмұнның

айқындығы, тілдің қарапайымдылығы және ықшамдығы, әдеби тәсілдерден орынды пайдалану – көркемдіктің негізгі шарты».

Әдебиеттің ең маңызды материалы саналатын тіл мәселесіне Гораций арнайы тоқталып, архаизмдерден, неологизмдерден үрікпей, оларды орынды пайдалануды ұсынады; «көнерген сөздерден жаңа түсініктер жасау - нағыз шығармашылық; бұл салада гректерден көбірек ғибрат алуы керек»[3] дейді.

Гораций әдебиеттің дамуында сынның маңызды орны бар екендігін айтып, осы кәсіп өкілдерінен адалдықты, шынайылықты талап етеді. «Шығарма кемшіліктерін шынайы және тәуелсіз көрсеткен сыншы - автордың нағыз досы. Материалдық жағынан мүдделі болған, жалтақ жандардың шығармаға тәуелсіз қарауы мүмкін емес. Мұндай адамдар қате мен кемшіліктерді көреді, бірақ оларды айтудан қорқып, сын орнына авторды мақтайды, қаламгерлерді алдайды, әдебиетке зиянын тигізеді»[2].

Аристотельдің «Поэтикасында» баяндалған теориялық мәселелерге қосыла отырып, көне дүние әдебиеттану ілімінің негізін қалаған Горацийдің бұл пікірлері бірнеше ғасырлар өтсе де, өзінің құндылығын әлі жойған жоқ.

Гораций де Вергилий секілді көзі тірісінің өзінде-ақ антикалық дүниеде ерекше даңққа бөленді. Рим әдебиетінің ұлы ақыны ретінде танылды. Оның шығармалары поэзия оқулығы ретінде мектептерде оқытылды. Ғалымдар, әдебиеттанушылар оларды талдап, түсініктер жазды. Гораций шығармашылығына қызығушылық кейінгі ғасырларда да толастаған жоқ. Ақын шығармаларында баяндалған тәрбие пен философия тақырыптарына қатысты ой-пікірлер орта ғасыр адамдарының да назарына ілінді. XVII ғасырдағы француз классицизмінің теоретигі Буало Горацийді ұлы ұстаз, данышпан дәрежесіне көтеріп, Аристотельмен қатар қояды. Антикалық дүниеде өткен осы екі ұлы данышпанның эстетика саласындағы ой-пікірлерін поэтикалық шығармашылықтың мәңгілік заң-қағидалары сипатында қабылдап, жаңа заман классикалық әдебиетіне негіз салады.

Жалпы, көркем әдебиеттің ішкі салаларын нәзік сезінген тәжірибелі ұстаз, ғажайып қаламгер, данышпан тәжірибеші ретінде Гораций бірнеше ғасыр адамзат қоғамына қызмет етіп келді. Жаңа заман Еуропа лирикасының қалыптасуында да оның алатын орны ерекше. Гораций Ресейде де едәуір даңққа ие болды. Рим ақынының тақырыбы мен көркемдік әдістерін алғаш рет орыс поэзиясына Кантемир (1708-1744) алып келді. Оның әсерін Ломоносов пен Державин шығармаларынан да көреміз.

Барша орыс ақындары арасында Горацийге ерекше ден қойған, әрине Александр Сергеевич Пушкин болды. Ұлы орыс ақыны өзінің шығармашылығын қорытындылап жазған «Ескерткіш» өлеңінде Горацийдің осы аттас өлеңін өзіне үлгі етеді. Пушкин Горацийді «Август салтанатының жаршысы, оның шебер қошаметгөйі», деп атағанымен, оның мадақ жырларының мазмұндылығын, көркемдігін, сатираларының нәзіктігін, ойнақылығын және сұлулығын мойындайды. Горацийге қатысты осындай мазмұндағы пікірлерді Чернышевский де жазған болатын.

### **Әдебиеттер:**

1. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы.2002. 59 б.
2. История эстетики. Памятники мировой эстетической мысли. т.2.Москва.1964.78 б.
3. Ковалев С.И. История Рима. Ленинград. 1948. 128 б.
4. Ковалев С.И. Штаерман Е.М. Очерки истории Рима. Москва. 1959.